

Бекітемін *Т. Нұрлы*
№29 «Ал-Керім» бөбөкжай
Балаларының менеджері
К.К. Сейдалиева

«Қуанышым анашым»



«Балбөбек» тобы

Тәрбиешілер: Даулетова.Б

Жанзакова.А

«Шуағын шашқан – аяулы анашым»

Зал мерекеге сай безендірілген. Әсем әуен ырғағымен балалар залға кіреді.

Жүргізуші: Қайырлы күн құрметті қонақтар, әжелер, аналар, әпкелер және апайлар. Сіздерді алғашқы көктем мерекесі 8 наурыз халықаралық аналар мерекесімен құттықтаймыз. Сәбилеріңіздің күлкісіне тоймай жүре беріңіздер.

«Балауса» ерте жас тобының «Шуағын шашқан – аяулы анашым» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер.

Ана дейміз бәріміз де аңқылдап,

Ана дейді жас сәби де жарқылдап.

Ана деген – бәйтерегі өмірдің,

Ана деген – алтын қазық, алтын бак.

Аналар, қалқып бақыт аралында,

Лайым мұң қонбасыншы жанарыңа

Осыменен ертеңгілігімізді бастайық.

Ән: «Көктем»

Жүргізуші: Алақай ау балалар

Қандайц жақсы көктемгі ай

Гүлге оранды кең дала

Келді аулаға көктемгі ай

Әуен: Көктем келді

Көктем: Сәлеметсіңдер ме балалар

Сәлеметсіңдер ме қонақтар

Сіздерге жылу сыйладым

Себебі көңілді көктеммін

Құстар сайцрай бастады

Сулар ағады сарқырап

Гүлдер гүлдейді жарқырап

Мен өз жылуымды бүкіл әлемге жаямын.

Жүргізуші: Сәлеметсіңбе көктем аруы, Қош келдіңіз. Біз мұнда балаларымызбен бірге аналар мерекесін тойлап жатырмыз.

Бүгін наурыздың сегізі

Сұлулықтың белгісі

Әдемі сөз адамның

Анаға айтар лебізі-дей отырып біздің қыздарымыздың «Көктем» аруымен бірге би билегісі келіп тұр.

Би: «Гүлдер» биі

Көбелек: Ой күн жарқырап көктем

Келді, әдемі гүлдерге қонып

Қуанып жүрмін.

Сәлеметсіңдер ме балалар?

Жүргізуші: Сәлеметсің бе Көбелек Біз де көктемнің келгеніне қуанып, көктемнің алғашқы мерекесі, 8 наурыз аналар мерекесін тойлап жатырмыз. Көбелек сенімен бірге біздің балаларымыз ойын ойнағысы келіп тұр.

Ойын: «Гүл жинау»

Шарты: Себеттегі гүлдерді шашып тастап, қайтадан себетке жинау керек

Біздің ұлдарымыз көбелекпен би билегісі келіп тұр

Би: «Ұлдар» биі

Ән: «Ана» туралы

Жүргізуші: Бала, бала, бала деп

Бізді өсірген анашым

Гүлге қонып құшағың

Бақытты бол ана жан – дей отырып бүгінгі «Балауса» ерте жас тобының «Шуағын шашқан – аяулы анашым» атты ертеңгілігіміз аяқталды.

Қош сау болыңыздар.

